

Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 146 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 қаңтарда № 10096 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 540 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 706 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.12.2016 № 540 және ҚР Қаржы министрінің 30.12.2016 № 706 бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесінің 25-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістеме бекітілсін.

2. Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту (А.С. Биахметов) және Өңіраралық ынтымақтастық, өңірлерді талдау және бағалау департаменттеріне (А.А. Байтүкенова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін, оның күнтізбелік 10 күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын.

3. "Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 100 және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 12 сәуірдегі № 107/НҚ бірлескен

бұйрығының күші (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 19 сәуірдегі № 9349 тіркелген) жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрлері М.Е. Әбілқасымоваға және Қ.А. Өскенбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Досаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 146 бұйрығымен
бекітілген

Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістеме

Ескерту. Әдістеме жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.11.2015 № 686 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесін (бұдан әрі – Бағалау жүйесі) іске асыру мақсатында әзірленген.

2. Әдістеме бағаланатын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – бағаланатын мемлекеттік органдар) қадағаланатын саланы/аяны/өңірді дамытуға бағытталған шараларының тиімділігін айқындауға арналған.

3. Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау (бұдан әрі – тиімділікті бағалау) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі бекітетін Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігіне жыл сайынғы бағалау жүргізу кестесіне сәйкес (бұдан әрі – Бағалау кестесі) жүзеге асырылады.

4. Тиімділікті бағалауды мынадай мемлекеттік органдар (бұдан әрі – бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар):

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган) – мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиімділігін бағалауды қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың тиімділігін бағалауды;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі – мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиімділігін бағалауды;

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады.

5. Тиімділікке бағалау жүргізу үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Бағалау жүйесінің шеңберінде "Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру" бағыты бойынша тиімділікті жалпы бағалау нәтижелері туралы сараптама қорытындысын қалыптастыру жөніндегі сараптама комиссиясының (бұдан әрі – Сараптама комиссиясы) жұмыс органының кіші тобы болып табылатын, лауазымды тұлғалардан тұратын Кіші жұмыс тобын (бұдан әрі – Кіші жұмыс тобы) құрады.

2. Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалауға арналған ақпарат көздері

6. Тиімділікті бағалау:

орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының (бұдан әрі – стратегиялық жоспар), оның ішінде 2, 3 және 6-бөлімдері;

стратегиялық жоспарларды іске асыру туралы есептің;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтарды дамыту бағдарламаларының (бұдан әрі – Аумақтарды дамыту бағдарламасы) оның ішінде 2 және 4-бөлімдері, жергілікті атқарушы органдар үшін Базалық көрсеткіштер тізбесі;

Аумақтарды дамыту бағдарламаларының іске асырылуы туралы есептің;

статистикалық және ведомстволық деректердің;

басқа да көздердің (болған жағдайда) негізінде жүзеге асырылады.

7. 5-тармақта көрсетілген Кіші жұмыс тобы бағаланатын мемлекеттік органдардың есепті ақпаратына олардың дұрыстығы тұрғысынан талдау жүргізеді.

8. Деректердің дұрыстығы статистикалық деректермен, бәсекеге қабілеттіліктің халықаралық көрсеткіштерімен, сондай-ақ салалық орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың деректерімен расталады.

3. Бағаланатын мемлекеттік органдардың есепті ақпаратында қамтылған деректерді қайта тексеру

9. Бағалау жүйесінің 51-тармағына сәйкес бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар бағаланатын мемлекеттік органдардың есепті ақпаратында қамтылған деректерді қайта тексеруді (бұдан әрі – Қайта тексеру) жүзеге асырады.

10. Қайта тексеру стратегиялық жоспарлардың/Аумақтарды дамыту бағдарламаларының тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу бойынша ақпараттың дұрыстығын айқындау тұрғысынан жүргізіледі.

11. Стратегиялық жоспарлардың/Аумақтарды дамыту бағдарламаларының нәтижелерін қайта тексеру растайтын құжаттарды жинау және талдау (ведомстволық есептер, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер актілері, хаттамалар, хаттар және басқалары) жолымен жүзеге асырылады.

12. Қайта тексеру рәсімі бағаланатын мемлекеттік органдардан растайтын құжаттарды сұраудан, есепті ақпаратты салыстырып тексеруден, осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті ақпаратта қамтылған деректерді қайта тексеру қорытындылары бойынша тексеру актісін (бұдан әрі – Тексеру актісі) жасаудан тұрады.

13. Қайта тексеру шеңберінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар құпиялылық белгісі бар құжаттардан басқа, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін алады.

4. Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау

14. Тиімділікті бағалау мынадай критерийлердің мынадай түрлері бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Процестік критерийлер:
стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының талдауының сапасы мен толықтығы;
тәуекелдерді басқару сапасын талдау (тек орталық мемлекеттік органдар үшін);
- 2) Нәтижелілік критерийлері:

стратегиялық жоспарлардың/Аумақтарды дамыту бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу.

15. Орталық мемлекеттік органдар үшін тиімділікті бағалау әрбір критерийдің салмақтық мәнін ескере отырып, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$A_{\text{ОМО}} = (0,15 \times B + 0,15 \times C + 0,7 \times D) \times 100\% - W,$$

мұнда:

$A_{\text{ОМО}}$ – орталық мемлекеттік органдар үшін қадағаланатын саладағы/аядағы/ өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау;

B – стратегиялық жоспарды талдаудың сапасы мен толықтығы, салмақтық мәні – 0,15;

C – тәуекелдерді басқару сапасын талдау, салмақтық мәні – 0,15;

D – стратегиялық жоспардың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу, салмақтық мәні – 0,7;

W – Әдістеменің 8-бөлімінде айқындалған балдарды шегеру.

Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалаудың қорытынды балы үтірден кейін екі белгіге дейін математикалық дөңгелектеуді ескере отырып қалыптастырылады.

16. Жергілікті атқарушы органдар үшін тиімділікті бағалау әрбір критерийдің салмақтық мәнін ескере отырып, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$A_{\text{ЖАО}} = (0,2 \times B + 0,8 \times D) \times 100\% - W,$$

мұнда:

$A_{\text{ЖАО}}$ – жергілікті атқарушы органдар үшін қадағаланатын саладағы/аядағы/ өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау;

B – Аумақтарды дамыту бағдарламасы талдауының сапасы мен толықтығы, салмақтық мәні – 0,2;

D – Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу, салмақтық мәні – 0,8;

W – Әдістеменің 8-бөлімінде айқындалған балдарды шегеру.

Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалаудың қорытынды

балы үтірден кейін екі белгіге дейін математикалық дөңгелектеуді ескере отырып қалыптастырылады.

17. "Стратегиялық жоспарлардың/Аумақтарды дамыту бағдарламаларының сапасы мен толықтығы" критерийі бойынша есептеу стратегиялық жоспарлардың /Аумақтарды дамыту бағдарламаларының тиісті бөлімдері негізінде жүзеге асырылады.

Талдау сапасы мен толықтығының коэффициенті мемлекеттік жоспарлау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, сараптамалық, атап айтқанда, стратегиялық жоспарларды/Аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу жолымен анықталады.

18. "Стратегиялық жоспарды/Аумақтарды дамыту бағдарламасын талдаудың сапасы мен толықтығы" коэффициентін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$B = (B_1 + B_2)/2,$$

мұнда:

B – стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының сапасы мен толықтығы коэффициенті;

B_1 – стратегиялық жоспар/Аумақтарды дамыту бағдарламасы оларды шешуге бағытталған тұрғындардың/игілік алушылардың қажеттіліктерінің тиісті талдауымен реттелетін саладағы/бағыттағы негізгі проблемаларды айқындау коэффициенті;

B_2 – стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының ағымдағы жағдайын талдауда ұсынылған деректер өзектілігінің коэффициенті.

19. Стратегиялық жоспар/Аумақтарды дамыту бағдарламасы оларды шешуге бағытталған тұрғындардың/игілік алушылардың қажеттіліктерінің тиісті талдауымен реттелетін саладағы/бағыттағы негізгі проблемаларды айқындау коэффициентін есептеу (B_1) "Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімінде көрсетілген проблемалар негізінде айқындалады.

Егер стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының тиісті саласында/бағытында стратегиялық жоспарды/ Аумақтарды дамыту бағдарламасын әзірлеу және кейіннен түзету кезінде:

тұрғындардың/игілік алушылардың қажеттіліктерін тиісті талдаумен негізгі проблемалар көрсетілген болса, онда $q_1 = 1$;

тұрғындардың/игілік алушылардың қажеттіліктерін ішінара және (немесе) толық емес талдаумен негізгі проблемалар көрсетілген болса, онда $q_1 = 0,5$;

Стратегиялық жоспарда/Аумақтарды дамыту бағдарламасында ағымдағы проблемалар көрсетілмеген болса және (немесе) тұрғындардың/игілік алушылардың қажеттіліктеріне талдау жүргізілмеген болса, онда $q_1 = 0$.

20. Ағымдағы жағдайды талдауда ұсынылған деректердің өзектілігінің коэффициентін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$B_2 = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^n q_i,$$

мұнда:

B_2 – стратегиялық жоспарлардың/Аумақтарды дамыту бағдарламаларының ағымдағы жағдайын талдауда ұсынылған, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы үш жыл ішіндегі деректер өзектілігінің коэффициенті;

q_i – сала/бағыт бөлінісінде ағымдағы жағдайды талдауда ұсынылған, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы үш жыл ішіндегі деректер өзектілігінің параметрі;

n – бағаланатын мемлекеттік орган қызметінің негізгі салаларының/бағыттарының жалпы саны.

Егер қызмет саласының екі немесе одан көп бағыттары болса, онда олардың әрқайсысына тиісті коэффициент беріледі. Әрбір бағыт коэффициенттері сомасының орташа мәні сала коэффициентіне тең.

21. Орталық мемлекеттік органдар үшін орталық мемлекеттік орган қызметінің негізгі салалары/бағыттары бөлінісінде стратегиялық жоспардың екінші бөлімін бағалау жүзеге асырылады. Орталық мемлекеттік органдардың қызметі салаларының тізбесі осы Әдістемеге 2-қосымшада көзделген.

22. Тиісті сала/бағыт бойынша стратегиялық жоспардың ағымдағы жағдайын талдау кезінде әрбір параметрге (q_i) тиісті коэффициент беріледі, егер:

соңғы үш жылдағы деректер пайдаланылса, онда $q_i = 1$;

соңғы үш жылдағы деректер ішінара пайдаланылса, онда $q_i = 0,5$;

соңғы үш жылдағы деректер пайдаланылмаса, онда $q_i = 0$.

23. Жергілікті атқарушы органдар үшін жергілікті атқарушы орган қызметінің негізгі салалары/бағыттары бөлінісінде Аумақтарды дамыту бағдарламасының екінші бөлімін бағалау жүзеге асырылады. Аумақтарды дамыту бағдарламалары шеңберінде Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының қызметі салаларының/бағыттарының тізбесі осы Әдістемеге 3-қосымшада көзделген.

24. Тиісті сала/бағыт бойынша Аумақтарды дамыту бағдарламасының ағымдағы жағдайын талдау кезінде әрбір параметрге (q_i) тиісті коэффициент беріледі, егер:

соңғы үш жылдағы деректер пайдаланылса, онда $q_i = 1$;

соңғы үш жылдағы деректер ішінара пайдаланылса, онда $q_i = 0,5$;

соңғы үш жылдағы деректер пайдаланылмаса, онда $q_i = 0$.

25. Орталық мемлекеттік органдар үшін "Тәуекелдерді басқару сапасын талдау" критерийінің коэффициенті мемлекеттік органның тәуекелді төмендетуге бағытталған тиісті іс-шаралардың әзірлеуі, сондай-ақ орталық мемлекеттік органның нәтижелілік тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралардың ықпал етуі тұрғысынан стратегиялық жоспардың 6-бөлімін талдау арқылы айқындалады.

"Тәуекелдерді басқару сапасын талдау" критерийінің коэффициентін айқындау кезінде стратегиялық жоспардың үшінші бөлімінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу тәуекелдерінің әсер ету және сәйкес келу дәрежесі есептеледі.

Тәуекелдерді басқару бойынша көзделген іс-шаралар сапасын талдау сараптамалық жолмен ықтимал тәуекелдердің көзделген іс-шаралармен арақатынасы арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте, бұл әдіс тәуекелді төмендетуге/болдырмауға ықпал етпейтін формалды іс-шараларды анықтайды.

"Тәуекелдерді басқару сапасын талдау" коэффициентін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$C = 0.2 \times \frac{L}{M} + 0.8 \times \frac{N + W}{P}$$

мұнда:

C – тәуекелдерді басқару процесі тиімділігінің параметрі;

L – тәуекелді төмендетуге/болдырмауға бағытталған іс-шаралардың саны;

M – тәуекелдерді басқаруға көзделген жоспарланған іс-шаралардың жалпы саны;

P – мақсаттардың жалпы саны;

N – толық қол жеткізілген мақсаттардың саны;

W – тәуекелдер көзделген, ішінара қол жеткізілген мақсаттар саны.

W есептеуді жүзеге асыру кезінде стратегиялық жоспарда көзделген тәуекелдерге сәйкес ішінара қол жеткізілген немесе қол жеткізілмеген мақсаттар ескеріледі. Ішінара қол жеткізілген мақсат деп қол жеткізу x_j құраған мақсаттар түсініледі.

26. "Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу" критерийі мақсаттарға қол жеткізу коэффициентін есептеу арқылы айқындалады. Мақсаттарға қол жеткізу коэффициенті, өз кезегінде: тиісті мақсатқа қол жеткізу үшін жоспарланған нысаналы индикаторларға қол жеткізу коэффициентінен және тиісті мақсатты

іске асыру үшін жоспарланған міндеттемелерді іске асыру коэффициентінен тұрады.

27. "Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу" критерийінің коэффициентін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$D = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^n X_i,$$

мұнда:

D – стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу коэффициенті;

X_i – тиісті міндеттерге сәйкес әрбір мақсатқа қол жеткізу коэффициенті;

n – мақсаттар саны.

Тиісті міндеттерге (X_i) сәйкес әрбір мақсатқа қол жеткізу коэффициентін есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$X_i = K_i \times Y_i,$$

мұнда:

K_i – стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсатына қол жеткізу коэффициенті;

Y_i – тиісті мақсатты іске асыру үшін жоспарланған стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының міндеттерін іске асыру коэффициенті.

Мақсатқа қол жеткізу коэффициенті (K_i) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_i = \frac{1}{m} \sum_{j=1}^m h_j,$$

мұнда:

h_j – тиісті мақсатқа қол жеткізу үшін көзделген әрбір нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті;

m – тиісті мақсатқа қол жеткізу үшін көзделген нысаналы индикаторлардың жалпы саны.

Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының тиісті мақсатына қол жеткізу үшін көзделген әрбір нысаналы индикаторға (h_j) қол жеткізу коэффициентін есептеу іс-жүзінде орындалудың (жақсарудың не нашарлаудың) жоспарланғанға арақатынасы арқылы жүзеге асырылады:

Бұл ретте, егер, $h_j \geq 1$ болса, онда $h_j = 1$, $h_j < 0$ болса, онда $h_j = 0$, егер $h_j < 1$ болса, онда $h_j =$ іс жүзінде орындалудың жоспарлы мәнге арақатынасына тең.

Халықаралық рейтингтер көрсеткіштері бойынша жоспарлы мәнге (рейтингтегі орындар) қол жеткізілмеген жағдайда дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі, Doing Business және т.б., онда $h_j = 0$.

Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу коэффициентін есептеу кезінде мыналар ескеріледі:

есепті кезеңге жоспарлы мәні жоқ нысаналы индикатор мақсатқа қол жеткізу коэффициентінің есебіне алынбайды;

бағалау жүргізу кезінде ресми статистикалық деректер болмаған жағдайда, шұғыл деректер есепке алынады. Жедел деректерді ұсыну мүмкін болмаған кезде, нысаналы индикатор мақсатқа қол жеткізу коэффициентінің есебіне алынбайды.

Тиісті мақсатты іске асыру үшін жоспарланған міндеттерді іске асыру коэффициенті (Y_i), тиісті міндетті орындау үшін көзделген тікелей нәтиженің әрбір көрсеткішіне қол жеткізуді талдау жолымен айқындалады.

Тиісті мақсатты іске асыру үшін жоспарланған стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының міндеттерін іске асыру дәрежесін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$Y_i = \frac{1}{f} \sum_{k=1}^f Z_k.$$

мұнда:

Y_i – тиісті мақсатты іске асыру үшін жоспарланған стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының міндеттерін іске асыру коэффициенті;

Z_k – стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының әрбір міндетін іске асыру коэффициенті;

f

– тиісті мақсатты іске асыру үшін жоспарланған стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының міндеттерінің жалпы саны.

Бұл ретте, стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының әрбір міндетін іске асыру коэффициентін есептеу (z_k) мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$z_k = \frac{1}{r} \sum_{g=1}^r p_g.$$

мұнда:

p_g – стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының тиісті міндетін іске асыру үшін көзделген тікелей нәтиженің әрбір көрсеткішін іске асыру коэффициенті;

r – стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының тиісті міндетін іске асыру үшін көзделген тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің жалпы саны.

Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының тиісті міндетін іске асыру үшін көзделген стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының (p_g) тікелей нәтижесінің әрбір көрсеткішіне қол жеткізу коэффициентін есептеу іс-жүзінде орындаудың (жақсарудың не нашарлаудың) жоспарланғанға арақатынасы арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте, егер $p_g \geq 1$ болса, онда $p_g = 1$, егер $p_g < 0$ болса, онда $p_g = 0$, егер $p_g < 1$ болса, онда $p_g =$ іс жүзінде орындалудың жоспарлы мәнге арақатынасына тең.

Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының міндеттерінің іске асырылу коэффициентін есептеу кезінде мыналар есепке алынады:

есепті кезеңде жоспарлық мәні жоқ тікелей нәтиже көрсеткіші міндетті іске асыру коэффициентінің есебіне алынбайды;

бағалау жүргізілген кезде ресми статистикалық деректер болмаған жағдайда, жедел деректер есепке алынады. Жедел деректерді ұсыну мүмкін болмаған кезде, тікелей нәтиже көрсеткіші міндеттердің іске асырылу коэффициентінің есебіне алынбайды.

5. Қадағаланатын салада/аяда/өңірде стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау нәтижелері туралы қорытынды

28. Қадағаланатын салада/аяда/өңірде стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру бойынша орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органның қызметі тиімділігін бағалаудың нәтижелері

туралы қорытынды (бұдан әрі – Қорытынды) осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрастырылады.

Қорытынды екі бөлімнен тұрады:

1) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы орган қызметінің тиімділігін бағалау бойынша талдамалық есеп және тұжырымдар;

2) орталық мемлекеттік/жергілікті атқарушы органның қызметін жақсарту бойынша, оның ішінде стратегиялық жоспарға/Аумақтарды дамыту бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туралы ұсынымдар.

Қорытынды мынадай тәртіппен жасалады:

"Балдар" деген бағанда критерийлер бөлінісінде балдар көрсетіледі;

"Коэффициент" деген бағанда критерийлер бөлінісінде коэффициенттер көрсетіледі;

"Балдарды шегеру" деген жолда осы Әдістеменің 8-бөліміне сәйкес шегерілген балдар көрсетіледі;

"Жалпы баға" деген жолда осы Әдістеменің 16, 17-тармағына сәйкес формула бойынша есептелген жалпы балл көрсетіледі.

"Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы орган қызметінің тиімділігін бағалау бойынша талдамалық есеп және тұжырымдар" деген бөлімде орталық мемлекеттік/жергілікті атқарушы орган жоспарлаған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру нәтижелерінің егжей-тегжейлі толық талдауы келтіріледі, оның ішінде:

стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының ағымдағы жағдайы талдауының сапасы мен толықтығын талдау;

стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізілуді талдау;

тәуекелдерді басқару сапасын талдау (тек орталық мемлекеттік органдар үшін);

балдарды шегеру туралы ақпарат.

Бұдан басқа, осы бөлімде бағалаудың нәтижелеріне байланысты тиісті тұжырымдар көрсетіледі.

Алынған бағалау нәтижесіне сәйкес бағаланатын мемлекеттік орган қызметінің тиімділік дәрежесі айқындалады. Бағаланатын мемлекеттік орган қызметі тиімділігінің жоғары дәрежесі балдары 90-нан 100-ге дейінгі орташа дәрежесі – 70-тен 89,99 дейінгі, төмен дәрежесі – 50-ден 69,99 дейінгі бағалау көрсеткіштеріне сәйкес келеді. Бағалау нәтижелері бойынша 49,99 балл жинаған бағаланатын мемлекеттік органның қызметі тиімді емес деп танылады.

"Орталық мемлекеттік/жергілікті атқарушы органның қызметін жақсарту бойынша ұсынымдар" деген бөлімде бағаланатын мемлекеттік органның

қызметін одан әрі жақсарту бойынша ұсынымдар, сондай-ақ өзге де бар ұсынымдар егжей-тегжейлі сипатталады.

6. Бағалаудың нәтижелеріне шағымдану рәсімі

29. Қорытындыны алған сәттен бастап бағаланатын мемлекеттік орган бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға өзінің наразылықтарын жолдауға құқылы.

30. Бағалау нәтижелеріне шағымдану растайтын құжаттарды қоса ұсынумен дәлелді және негізді болуы тиіс. Растайтын құжаттар мен негіздемелері жоқ, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау саласындағы нормативтік құқықтық актілер ережелеріне және стратегиялық жоспарларды/Аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу қағидаларына қайшы келетін наразылықтар қаралмайды.

31. Бағалау нәтижелеріне наразылықтар болмаған жағдайда, бағаланатын мемлекеттік орган бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға тиісті хабарлама жібереді. Белгіленген мерзімі өткеннен кейін бағаланатын мемлекеттік органдардың наразылықтары қабылданбайды.

32. Шағымдану рәсімін жүргізу үшін бағалауға уәкілетті мемлекеттік органда құрамына наразылықтарын ұсынған мемлекеттік органдарды бағалауға қатысқан қызметкерлер кіре алмайтын Арнайы комиссия құрылады.

Арнайы комиссияның саны мен құрамын бағалауға уәкілетті мемлекеттік орган дербес айқындайды, бірақ құрамы кемінде 5 адам.

33. Бағаланатын мемлекеттік органдардың растайтын құжаттары бар наразылықтарын алған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік орган осы Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша келіспеушіліктер кестесін (бұдан әрі – Келіспеушіліктер кестесі) қалыптастырады және Арнайы комиссияның қарауына енгізеді.

34. Арнайы комиссия наразылықтарды қарау мен бағалау нәтижелерінің объективтілігін анықтау бойынша отырыстар өткізеді, оған наразылықтарын ұсынған бағаланатын мемлекеттік органдардың өкілдері, мүдделі салалық орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік органдарды бағалауға қатысқан қызметкерлер шақырылады.

35. Арнайы комиссия отырыстарының нәтижелері бойынша Келіспеушіліктер кестесі пысықталып, оған Арнайы комиссия төрағасы қол қояды және бағаланатын мемлекеттік органның назарына жеткізіледі.

36. Бағаланатын мемлекеттік органдардың наразылықтарын алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік орган

Сараптамалық комиссияның жұмыс органына және бағаланатын мемлекеттік органдарға қорытынды тұжырымдарды жолдайды.

7. Қайта ұйымдастырылған және таратылған мемлекеттік органдарға бағалау жүргізу тәртібі

37. Мемлекеттік орган бағаланатын жылдың бірінші жартыжылдығында қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда осы мемлекеттік органды бағалау осы әдістемеге сәйкес құқықтық мирасқор мемлекеттік органның бағалауы шеңберінде жүзеге асырылады.

38. Мемлекеттік орган бағаланатын жылдың екінші жартыжылдығында қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда оның қызметін бағалау жүзеге асырылмайды, ал осы мемлекеттік орган қызметін талдау нәтижелері құқықтық мирасқор мемлекеттік органға бағалау қорытындылары бойынша берілген ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу кезінде ескеріледі.

8. Бағаланатын мемлекеттік органдардың есепті ақпаратының уақтылығын, толықтығын және дәйектілігін, сондай-ақ нысаналы индикаторларының асыра орындалуын айқындау рәсімі

39. Бағаланатын мемлекеттік орган Бағалау кестесіне сәйкес мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында (сайтында) толық және дәйекті есепті ақпаратты уақтылы ұсынады/орналастырады.

40. Ресми интернет-ресурста уақтылы емес, толық емес және дәйекті емес есепті ақпарат ұсынылған/орналастырылған жағдайда, осы бағыт бойынша бағаланатын мемлекеттік органның қорытынды бағалауынан айыппұл балдары шегеріледі.

41. Есепті ақпараттың құрылымына қойылатын белгіленген талаптарда көзделген элементтері (ұсыныстар, бөлімдер, кестелер, көрсеткіштер мәндері және т.б.) жоқ есепті ақпарат толық емес деп танылады.

Бағаланатын мемлекеттік органның толық емес есепті ақпаратты ұсынғаны/орналастырғаны үшін 2 (екі) айыппұл балын шегеру жүргізіледі.

42. Қайта тексеру барысында шындыққа сәйкес келмейтін фактілер анықталған есепті ақпарат дәйекті емес деп танылады.

Көрсетілген фактілер Тексеру актісінде (1-қосымша) тіркеледі.

Бағаланатын мемлекеттік органның дәйекті емес есепті ақпарат ұсынғаны/орналастырғаны үшін әрбір тіркелген фактіге 0,2 айыппұл балын шегеру жүргізіледі.

Бағаланатын мемлекеттік органның алдыңғы есепті жылдың Тексеру актісін ескере отырып, дәйекті емес есепті ақпаратты қайта ұсынғаны/орналастырғаны үшін әрбір тіркелген фактіге 0,5 айыппұл балын шегеру жүргізіледі.

Дәйекті емес ақпарат ұсынғаны/орналастырғаны үшін шегерілетін айыппұл балдарының сомасы 6,5 балдан аспауы тиіс.

43. Егер нысаналы индикатор не тікелей нәтиже көрсеткіші бойынша нақты көрсеткіштің жоспарлы мәнге қарағанда 30%-дан асыра орындалуы байқалған жағдайда, онда жоспарлы мәндердің әрбір тіркелген асыра орындалу фактісі үшін 0,2 айыппұл балын шегеру жүргізіледі.

44. Шегерімдер туралы ақпарат "Талдамалық есеп және орталық мемлекеттік орган/жергілікті атқарушы орган қызметін бағалау қорытындылары" деген бөлімде Қорытындыда көрсетіледі.

Қадағаланатын саладағы /аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемеге
1-қосымша

Нысан

Есепті ақпаратта қамтылған деректерді қайта тексеру қорытындылары бойынша тексеру актісі

(орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның атауы)
(есепті кезең)

№	Атауы	Шегерілетін балдар
1	Толық емес ақпарат ұсыну/орналастыру	
2	Дәйекті емес ақпарат ұсыну/орналастыру	
3	Нысаналы индикаторды/ тікелей нәтиже көрсеткішін асыра орындау	
Барлығы:		

1. Бағалау кестесіне сәйкес бағаланатын мемлекеттік органның есепті ақпаратты ұсыну/орналастыру мерзімі: 201_ жылғы " ____ " _____.

Есепті ақпараттың ұсынылатын/орналастырылатын нақты күні: 201_ жылғы " ____ " _____.

Шегерім _____ балды құрайды.

2. Толық емес ақпарат ұсынылған/орналастырылған, оның ішінде есепті ақпараттың құрылымына белгіленген талаптарда көзделген элементтер (қосымшалар, бөлімдер, кестелер, көрсеткіштердің мәндері және т.б.) жоқ:

1)

2)

Шегерім _____ балды құрайды.

3. Дәйекті емес ақпарат ұсынылған/орналастырылған. Қайта тексеру барысында фактілер дұрыстығының мынадай сәйкессіздіктері анықталды:

№	Нысаналы индикатор/тікелей нәтиже көрсеткішінің атауы	Есепті кезеңнің жоспары	Есепті кезеңнің фактісі	Қайта тексеру қорытындылары бойынша есепті кезең фактісі	Балдарды шегеру	Ескерту
1						
...						

Шегерім _____ балды құрайды.

Қорытынды шегерім _____ балл.

Уәкілетті органның өкілі, _____
лауазымы (күні) (қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Бағаланатын мемлекеттік _____
органның өкілі, лауазымы (күні) (қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Қадағаланатын саладағы /аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемеге
2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдарының қызметі салаларының тізбесі

№	Мәні	Саланың/бағыттың атауы	Дереккөз
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі			
1	Сала	Елдің тиімді әлеуметтік-экономикалық саясаты	Ереже
1.1	Бағыт	Макроэкономикалық саясат	Ереже
1.2	Бағыт	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін дамыту	Ереже
1.3	Бағыт	Бюджет саясаты	
1.4	Бағыт	Салық саясаты	Ереже
1.5	Бағыт	Кеден саясаты	Ереже
1.6	Бағыт	Ішкі сауда	Ереже
1.7	Бағыт	Бәсекелестікті дамыту	Ереже
1.8	Бағыт	Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар субъектілерінің қызметін реттеу	Ереже
1.9	Бағыт	Тұтынушылардың құқықтарын қорғау	Ереже
1.10	Бағыт	Халықтың көші-қоны саласындағы саясат	Ереже
1.11	Бағыт	Халықтың салауаттылығын қамтамасыз ету санитариялық-эпидемиологиялық	Ереже

1.12	Бағыт	Мемлекет міндеттемелерін басқару және қаржы секторын дамыту саясаты	Ереже
2	Сала	Өңірлерді дамыту саясаты және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау	Ереже
2.1	Бағыт	Өңірлерді дамыту	Ереже
2.2	Бағыт	Кәсіпкерлікті дамыту	Ереже
3	Сала	Сәулетті, қала құрылысын, құрылысты және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту	Ереже
3.1	Бағыт	Тұрғын үй құрылысы	Ереже
3.2	Бағыт	Электрмен жабдықтау (электржелілік объектілер 0,4 кВ)	Ереже
3.3	Бағыт	Сумен жабдықтау және су бұру	Ереже
3.4	Бағыт	Жылумен жабдықтау (белгіленген қуаттылығы 100 Гкал/сағ және одан астам ЖЭО мен қазандықтар)	Ереже
3.5	Бағыт	Газбен жабдықтау	Ереже
4	Сала	Жер ресурстарын басқару және геодезия мен картография қызметін дамыту	Ереже
4.1	Бағыт	Жер ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету	Ереже
4.2	Бағыт	Геодезия және картографияны дамыту	Ереже
5	Сала	Халықаралық экономикалық интеграция және сыртқы сауда қызметін реттеу және дамыту	Ереже
6	Сала	Мемлекеттік басқару жүйесін және квазимемлекеттік секторды дамыту	Ереже
6.1	Бағыт	Мемлекеттік жоспарлау	Ереже
6.2	Бағыт	Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және толыққанды жұмыс істеуі	Ереже
6.3	Бағыт	Мемлекеттік активтерді басқару саясаты	Ереже
6.4	Бағыт	Статистикалық ақпарат ұсыну	Ереже
6.5	Бағыт	Жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру жүйесін жетілдіру (құпиялы)	Ереже
6.6	Бағыт	Мемлекеттік материалдық резерв саласы саясатын мемлекеттік дамыту (құпиялы)	Ереже
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі			
1	Сала	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту	Ереже
1.1	Бағыт	Мал шаруашылығы	Ереже
1.2	Бағыт	Өсімдік шаруашылығы	Ереже
1.3	Бағыт	Ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу	Ереже
1.4	Бағыт	Ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту	Ереже
1.5	Бағыт	Фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту	Ереже
2	Сала	Су қорын пайдалану және қорғау	Ереже
2.1	Бағыт	Жерасты сулары бөлігінде жер қойнауын геологиялық зерделеуді қоспағанда, жерасты суларын ұтымды және кешенді пайдалану	Ереже
3	Сала	Балық, орман ресурстарын, жануарлар әлемінің ресурстарын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды сақтау, ұтымды пайдалану және қайта қалпына келтіру	Ереже

3.1	Бағыт	Балық шаруашылығы	Ереже
3.2	Бағыт	Орман шаруашылығы	Ереже
3.3	Бағыт	Жануарлар әлемінің түрлі алуандылығын сақтау, қорғау, қайта қалпына келтіру және тұрақты пайдалану	Ереже
3.4	Бағыт	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	Ереже
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі			
1.	Сала	Мәдениет	Ереже
1.1	Бағыт	Тарихи-мәдени мұра объектілерін күзету және пайдалану	Ереже
2.	Сала	Тілдерді дамыту	Ереже
3.	Сала	Ішкі саяси тұрақтылық, этносаралық келісімді нығайту	Ереже
4.	Сала	Мемлекеттік рәміздер	Ереже
5.	Сала	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс	Ереже
6.	Сала	Мұрағат ісі мен құжаттама	Ереже
7.	Сала	Діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласында мемлекеттік саясатты іске асыру	Ереже
8.	Сала	Дене шынықтыру және спорт	Ереже
9.	Сала	Ойын бизнесі	Ереже
Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі			
1	Сала	Мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу	Ереже
2	Сала	Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін ұйымдастыру	Ереже
3	Сала	Валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыру	Ереже
4	Сала	Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу	Ереже
5	Сала	Құзыреті шегінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын, сондай-ақ өзге де тұлғаларды реттеу, бақылау және қадағалау	Ереже
5.1	Бағыт	Банк жүйесі	Ереже
5.2	Бағыт	Жинақтаушы зейнетақы қоры	Ереже
5.3	Бағыт	Бағалы қағаздар нарығы	Ереже
5.4	Бағыт	Сақтандыру және сақтандыру қызметі	Ереже
6	Сала	Қаржылық қызметті тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету	Ереже
7	Сала	Ақша-кредит статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласында статистикалық қызметті жүзеге асыру	Ереже
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі			
1	Сала	Денсаулық сақтау субъектілері қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету арқылы халыққа көрсетілетін сапалы медициналық көмектің барлық түрлерін ұйымдастыру	Ереже
1.1	Бағыт	Халыққа көрсетілетін сапалы медициналық көмектің барлық түрлерін ұйымдастыру	Ереже
1.2	Бағыт	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуді қамтамасыз ету	Ереже
1.3	Бағыт	Медициналық көрсетілетін қызметтер сапасын бақылау	Ереже

2	Сала	Аурулардың алдын алу мен салауатты өмір салтын қалыптастыру	Ереже
3	Сала	Халық үшін дәрілік заттардың қолжетімділігі мен сапасын арттыру	Ереже
4	Сала	Медициналық білім және ғылым, денсаулық сақтау саласындағы кадрлық саясат	Ереже
4.1	Бағыт	Саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету	Ереже
4.2	Бағыт	Медициналық ғылымды дамыту	Ереже
4.3	Бағыт	Фармацевтикалық ғылымды дамыту	Ереже
5	Сала	Еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау	Ереже
6	Сала	Жұмыспен қамту	Ереже
7	Сала	Әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақылық қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру	Ереже
8	Сала	Әлеуметтік қолдау, оның ішінде азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	Ереже
9	Сала	Халықтың көші-қоны саласында өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыру	Ереже
10	Сала	Арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету, мүгедектерді әлеуметтік қорғау	Ереже
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі			
1	Сала	Еліміздің ғылыми-техникалық дамуы мен инновациялары	Ереже
2	Сала	Өнеркәсіп	Ереже
2.1	Бағыт	Тау-кен металлургиялық кешені	Ереже
2.2	Бағыт	Машина жасау саласы	Ереже
2.3	Бағыт	Құрылыс индустриясы және құрылыс материалдары өндірісі, жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі	Ереже
2.4	Бағыт	Химия өнеркәсібі	Ереже
2.5	Бағыт	Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіп	Ереже
2.6	Бағыт	Жеңіл өнеркәсіп	Ереже
3	Сала	Туризм қызметі	Ереже
3.1	Бағыт	Туристік саладағы сервистің дамуы	Ереже
3.2	Бағыт	Туристік саладағы инфрақұрылымның дамуы	Ереже
3.3	Бағыт	Туристерді тарту	Ереже
4	Сала	Геология және жер қойнауын пайдалану	Ереже
4.1	Бағыт	Геологиялық зерделеу	Ереже
4.2	Бағыт	Минералды-шикізат базасын қалпына келтіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану	Ереже
4.3	Бағыт	Көмірсутегі шикізатын қоспағанда, минералды ресурстарды пайдалану	Ереже
4.4	Сала	Қатты пайдалы қазбалар, жерасты сулары мен емдік балшықтар	Ереже
5	Сала	Жергілікті (қазақстандық) қамтуды дамыту	Ереже
6	Сала	Экспорттық бақылау	Ереже
7	Сала	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі	Ереже
8	Сала	Техникалық реттеу және метрология	Ереже
9	Сала	Инвестициялық саясат және инвестицияларды қолдау	Ереже
9.1	Бағыт	Инвестицияларды қолдаудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру және қолайлы инвестициялық ахуалды жасау	Ереже
9.2	Бағыт	Арнайы экономикалық аймақтарды дамыту	Ереже

9.3	Бағыт	Қазақстан Республикасының Индустрияландыру картасы	Ереже
10	Сала	Көлік-коммуникация кешені	Ереже
10.1	Бағыт	Автожол саласын дамыту	Ереже
10.2	Бағыт	Теміржол саласын дамыту	Ереже
10.3	Бағыт	Азаматтық авиацияны дамыту	Ереже
10.4	Бағыт	Су көлігін дамыту	Ереже
10.5	Бағыт	Қазақстан Республикасының транзиттік-көліктік әлеуетін дамыту	Ереже
11	Сала	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Ереже
11.1	Бағыт	Ақпараттандыру және "электронды үкімет"	Ереже
11.2	Бағыт	Байланыс	Ереже
11.3	Бағыт	Ақпарат	Ереже
12	Сала	Ғарыш қызметі	Ереже
12.1	Бағыт	Ғарыш инфрақұрылымын құру және дамыту	Ереже
12.2	Бағыт	Ғарыш қызметінің ғылыми және ғылыми-технологиялық базасын дамыту	Ереже
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі			
1	Сала	Мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету	Ереже
1.1	Бағыт	Адамның және азаматтың құқықтары мен еркіндігінің үстемдігін, Қазақстан Республикасының егемендігін қамтамасыз етуге, жалпы мемлекеттің даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға, заң жобалау жұмысын жүргізуге, заңнаманы талдауға, жетілдіруге және жүйелеуге, нормативтік құқықтық актілер жобаларының заңдық сараптамасын жүргізуге қатысу арқылы қазақстандық қоғамды және мемлекетті тұрақты әрі үдемелі дамытуға бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатысу	Ереже
1.2	Бағыт	Әлемдік қоғамдастықта республиканың ұлттық мүдделерін қорғау мен беделін нығайту мақсатында Қазақстанның халықаралық аренадағы қызметін, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын дайындау мен жасау арқылы құқықтық қамтамасыз ету	Ереже
1.3	Бағыт	Заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықты және онымен мәмілелерді, жылжымалы мүліктің жекелеген түрлерінің кепілдіктерін, орталық мемлекеттік орагнадардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік-құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алуды және оларды бақылауды жүзеге асыру	Ереже
1.4	Бағыт	Құқықтық көмек көрсетуді және заңды қызметтер көрсетуді ұйымдастыру және құқықтық насихатты қамтамасыз ету	Ереже
1.5	Бағыт	Сот-сараптама қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру	Ереже
1.6	Бағыт	Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	Ереже
1.7	Бағыт	Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша заңнамаға сәйкес іс жүргізуді жүзеге асыру	Ереже
1.8	Бағыт	Мемлекеттік саясатты іске асыру, сондай-ақ атқарушылық құжаттарды орындау саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу	Ереже
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі			
1	Сала	Білім беру	Ереже
1.1	Бағыт	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Ереже
1.2	Бағыт	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	Ереже

1.3	Бағыт	Техникалық және кәсіптік білім беру	Ереже
1.4	Бағыт	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру	Ереже
2	Сала	Ғылым	Ереже
3	Сала	Балалар құқығын қорғау	Ереже
4	Сала	Жастар саясаты	Ереже
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі			
1	Сала	Мемлекеттік қызмет саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру	Ереже
1.1	Бағыт	Мемлекеттік қызметті жетілдіру және оның тиімділігін арттыру	Ереже
1.2	Бағыт	Кадрларды іріктеудің және мемлекеттік қызмет персоналын басқарудың тиімді жүйесін құру	Ереже
1.3	Бағыт	Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру	Ереже
1.4	Бағыт	Мемлекеттік қызметтің кадрлық құрамы мен мемлекеттік лауазымдары жай-күйінің мониторингі	Ереже
1.5	Бағыт	Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің кадр резервін қалыптастыру	Ереже
1.6	Бағыт	Мемлекеттік қызметшілерді және мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға кандидаттарды тестілеу тәртібін айқындау	Ереже
1.7	Бағыт	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге қатысты тәртіптік істерді қарау	Ереже
1.8	Бағыт	Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік істерін қарау бойынша мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының жұмысын үйлестіру	Ереже
1.9	Бағыт	Мемлекеттік органдарда персоналды басқарудың тиімділігін бағалау	Ереже
1.10	Бағыт	Мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы сақтауын бақылауды жүзеге асыру	Ереже
1.11	Бағыт	Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этиканы сақтауын бақылауды жүзеге асыру	Ереже
2	Сала	Өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызмет көрсету саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру	Ереже
2.1	Бағыт	Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді қоспағанда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау	Ереже
2.2	Бағыт	Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылауды жүзеге асыру	Ереже
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі			
1	Сала	Бюджеттік жоспарлау	Ереже
2	Сала	Бюджеттің атқарылуы	Ереже
3	Сала	Салық салу	Ереже
4	Сала	Кеден ісі	Ереже
5	Сала	Мемлекеттік және мемлекет кепілдік беретін қарыз алу, үкіметтік және мемлекет кепілдік беретін борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару	Ереже
6	Сала	Аудиторлық қызмет	Ереже
7	Сала	Мемлекеттік сатып алулар	Ереже
8	Сала	Мемлекеттік меншікті басқару және меншіктің мемлекеттік мониторингі	Ереже
9	Сала	Оңалту және банкроттық рәсімдердің жүргізілуін бақылау	Ереже
10	Сала	Заңсыз жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл	Ереже

11	Сала	Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік	Ереже
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі			
1	Сала	Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын іске асыру	Ереже
1.1	Бағыт	Қазақстан Республикасының егемендігін, қауіпсіздігін, аумағының тұтастығы мен шекарасының беріктігін қорғаудың дипломатиялық құралдарымен және тәсілдерімен қамтамасыз ету	Ереже
1.2	Бағыт	Қазақстанның дипломатиялық және консулдық қатынастарын жүзеге асыру, шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ халықаралық бейбітшілікті, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыруға дипломатиялық жәрдемдесу.	Ереже
1.3	Бағыт	Қазақстанның халықаралық беделін нығайту және шетелде сыртқы саяси басымдықтары мен бастамаларын ілгерілету	Ереже
2	Сала	Қазақстан Республикасының, оның азаматтары мен шетелдегі заңды тұлғаларының мүдделері мен құқықтарын қорғау	Ереже
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі			
1	Сала	Энергетика	Ереже
1.1	Бағыт	Электр энергетикасы	Ереже
1.2	Бағыт	Көмір өнеркәсібі	Ереже
1.3	Бағыт	Жанартылатын энергия көздерін дамыту	Ереже
1.4	Бағыт	Атом энергиясын пайдалану	Ереже
2	Сала	Мұнай-газ саласын дамыту	Ереже
2.1	Бағыт	Мұнай саласын дамыту	Ереже
2.2	Бағыт	Газ саласын дамыту	Ереже
2.3	Бағыт	Мұнай-газ-химия өнеркәсібін дамыту	Ереже
3	Сала	Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту	Ереже
3.1	Бағыт	Қоршаған ортаға эмиссиялар	Ереже
3.2	Бағыт	Экологиялық реттеу және бақылау	Ереже
3.3	Бағыт	Гидрометеорологиялық қызмет және экологиялық мониторинг	Ереже
3.4	Бағыт	Төмен көміртекті дамыту және "жасыл" экономикаға көшу	Ереже

Қадағаланатын саладағы /аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемеге
3-қосымша

Нысан

Аумақтарды дамыту бағдарламалары шеңберінде Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының қызметі салаларының тізбесі

№	Мәні	Саланың/бағыттың атауы	Дереккөз
1	Сала	Экономика	Ереже
1.1	Бағыт	Өңірлік макроэкономика	Ереже

1.2	Бағыт	Өнеркәсіп	Ереже
1.3	Бағыт	Агроөнеркәсіптік кешен	Ереже
1.4	Бағыт	Шағын және орта бизнес, сауда	Ереже
1.5	Бағыт	Өңіраралық ынтымақтастық	Ереже
1.6	Бағыт	Инновациялар мен инвестициялар	Ереже
2	Сала	Әлеуметтік сала	Ереже
2.1	Бағыт	Білім беру	Ереже
2.2	Бағыт	Денсаулық сақтау	Ереже
2.3	Бағыт	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау	Ереже
2.4	Бағыт	Мәдениет	Ереже
2.5	Бағыт	Дене шынықтыру және спорт	Ереже
2.6	Бағыт	Мемлекеттік тілді дамыту	Ереже
3	Сала	Қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіп	Ереже
4	Сала	Инфрақұрылым	Ереже
4.1	Бағыт	Байланыс және коммуникациялар	Ереже
4.2	Бағыт	Құрылыс	Ереже
4.3	Бағыт	Жолдар және көлік	Ереже
5	Сала	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	Ереже
6	Сала	Экология және жер ресурстары	Ереже
7	Сала	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	Ереже

Қадағаланатын саладағы /аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемеге
4-қосымша

Нысан

Қадағаланатын саладағы /аядағы/ өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және оның іске асырылу тиімділігін бағалау нәтижелері туралы қорытынды

(орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның атауы)

(есепті кезең)

№	Бағалау критерийі	Көэффициент	Балдар
1	Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының талдауының сапасы мен толықтығы		
2	Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу		
3	Тәуекелдерді басқару сапасын талдау		
4	Балдарды шегеру		

Орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның қызметін бағалау бойынша талдамалық есеп пен тұжырымдар:

Мемлекеттік орган/ Қазақстан
Республикасы Президенті Әкімшілігі/
Премьер-Министрі Кеңесі _____
құрылымдық бөлімшесінің басшысы (қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
Мемлекеттік органның тиісті _____
құрылымдық бөлімшесінің басшысы (қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
20__ ж. " ____ " _____

Қадағаланатын саладағы /аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемеге 5-қосымша

Нысан

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша келіспеушіліктер кестесі _____

(бағаланатын мемлекеттік органның атауы)
"Қадағаланатын саладағы /аядағы /өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру" бағыты бойынша

№	Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы	Бағаланатын мемлекеттік органның наразылығы	Шағымдану қорытындысы бойынша шешім (қабылданды/ қабылданған жоқ)	Ескертпе (наразылықты қабылдау/ қабылдамау негіздемесі)
1	2	3	4	5
1				
2				
...				

Тұжырымдар: 1 – критерий бойынша: _____ ;
2 – критерий бойынша: _____ ;

...
Шағымдану қорытындыларын ескере отырып, жалпы балл ___ құрады.
Комиссия төрағасы, лауазымы _____

(күні) (қолы) (Т.А.Ә. (бар болған
жағдайда)

Шағымдану қорытындыларымен таныстым:

Бағаланатын мемлекеттік органның

өкілі, лауазымы _____

(күні) (қолы) (Т.А.Ә. (бар болған
жағдайда)

20 ___ ж. " ___ " _____